

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Химиялық және биологиялық технологиялар институты

«Биотехнология» кафедрасы

Сатан Анар Нұржауғанқызы

Мұнай ыдыратушы тиімділігі мол *Mycobacterium* және *Rhodococcus* туыстарының бактерияларының өсіру жағдайлары мен режимдерін таңдау.

ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

5B070100 - «Биотехнология» мамандығы

Алматы 2019

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Химиялық және биологиялық технологиялар институты

«Биотехнология» кафедрасы



ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ

Биотехнология кафедрасы
менгерушісі, PhD, профессор
З.К. Туйебахова

«6» мамыр 2019 ж.

ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

Тақырыбы: «Мұнай ыдыратушы *Mycobacterium* және *Rhodococcus* туыстарының тиімділігі мол бактерияларының өсіру жағдайлары мен режимдерін таңдау»

5B070100 - «Биотехнология» мамандығы бойынша

Орындаған

Сатан А.Н.

Ғылыми жетекші

Биол.ғыл.д-ры, профессор

Курбанова Г.В.
«6» мамыр 2019 ж.

Алматы 2019

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Химиялық және биологиялық технологиялар институты

«Биотехнология» кафедрасы

5B070100 - «Биотехнология»



БЕКІТЕМІН

БТ кафедра меңгерушісі

PhD, профессор

З.К Туйебахова

2019 ж.

**Дипломдық жұмыс орындауға
ТАПСЫРМА**

Білім алушы: Сатан Анар Нұржауғанқызы

Тақырыбы: Мұнай ыдыратушы *Mycobacterium* және *Rhodococcus* туыстарының тиімділігі мол бактерияларының өсіру жағдайлары мен режимдерін таңдау.

Университет басшысының 2018 жылғы «16» қазан №1163-б
бұйрығымен бекітілген

Аяқталған жұмысты тапсыру мерзімі «22» 04. 2019 ж.

Дипломдық жұмыстын бастапқы берілістері Диплом алды өнеркәсіптік практикадан алынған материалдар.

Дипломдық жұмыста қарастырылатын мәселелер тізімі

а) Мұнай ыдыратушы *Mycobacterium* және *Rhodococcus* туысының тиімді бактерияларын бөліп алу

ә) Мұнай ыдыратушы *Mycobacterium* және *Rhodococcus* туысының эффективті бактерияларының морфологиялық және физиолого-биохимиялық қасиеттерін зерттеу

б) Мұнай ыдыратушы *Mycobacterium* және *Rhodococcus* туысының тиімді бактерияларына қолайлы қоректік орталарды таңдау


в) Мұнай ыдыратушы *Mycobacterium* және *Rhodococcus* туысының тиімді бактерияларының сақтау жағдайларын таңдау

Ұсынылған негізгі әдебиет: 19 атау

Дипломдық жұмысты дайындау
КЕСТЕСІ

Бөлімдер атауы, қарастырылатын мәселелер тізімі	Ғылыми жетекші мен кенесшілерге көрсету мерзімдері	Ескерту
Мұнай ыдыратушы <i>Mycobacterium</i> және <i>Rhodacoccus</i> туысының тиімді бактерияларын бөліп алу	ақпан	
Мұнай ыдыратушы <i>Mycobacterium</i> және <i>Rhodacoccus</i> туысының тиімді бактерияларына қолайлы қоректік орталарды таңдау	наурыз	
Мұнай ыдыратушы <i>Mycobacterium</i> және <i>Rhodacoccus</i> туысының тиімді бактерияларының сақтау жағдайларын таңдау	сәуір	

Дипломдық жұмыс бөлімдерінің кенесшілері мен
норма бақылаушының аяқталған жұмысқа қойған
қолтаңбалары

Бөлімдер атауы	Кенесшілер, аты, әкесінің аты, тегі (ғылыми дәрежесі, атағы)	Қол қойылған күні	Қолы
Норма бақылау	Ғылыми магистрі Тұрғымбаева Қ.Қ.	06.08.13	

Ғылыми жетекші

 Кұрбанова Г.В.

Тапсырманы орындауға алған білім алушы

 Сатан А.Н.

Күні

« 6 » мамыр 2019 ж.

АНДАТПА

Жұмыстың басты мақсаты: Мұнай ыдыратушы *Mycobacterium* және *Rhodococcus* туысының эффективті бактерияларының өсіру жағдайлары мен режимдерді анықтау

Жұмыстың міндеттері:

Мұнай ыдыратушы *Mycobacterium* және *Rhodococcus* туысының тиімді бактерияларын бөліп алу

Мұнай ыдыратушы *Mycobacterium* және *Rhodococcus* туысының эффективті бактерияларының морфологиялық және физиолого-биохимиялық қасиеттерін зерттеу

Мұнай ыдыратушы *Mycobacterium* және *Rhodococcus* туысының тиімді бактерияларына қолайлы қоректік орталарды таңдау

Мұнай ыдыратушы *Mycobacterium* және *Rhodococcus* туысының тиімді бактерияларының сақтау жағдайларын таңдау

Зерттеу нысаны: Зерттеу жұмысында Атырау облысы Құлсары мұнай кен орнының мұнай және мұнай өнімдерімен ластанған топырақ қабаттарынан бөлініп алынған штамм изоляттар пайдаланылды.

Жұмыстың нәтижесі: Мұнайоттықтырушы микроорганизмдер: *Mycobacterium thermoresistibile* 119-3ГМ, *Rhodococcus equi* 51КС, *Mycobacterium* sp. 229С3, *Rhodococcus* sp. 1С3, *Mycobacterium* sp. 222АТ, *Mycobacterium* sp. 229С3, *Rhodococcus ruber* 114 КС, *Bacillus subtilis* 26АТ, *Pseudomonas cepacia* 122АС, *Pseudomonas* sp. 102 АС, *Candida chilensis* В2 және *Trichosporon cutaneum* Р20СО2. тұратын үш композицияның жоғары шығуын қамтамасыз ететін 30 мл/л дизельді жанармайы бар минеральді қоректік орта 8Е таңдалды. 8Е қоректік ортасында фосфорлы қышқылды амоний $(\text{NH}_4)_2\text{HPO}_4$ және фосфорлы қышқыл калий K_2HPO_4 1 г/л мөлшерде композициялардың клеткалық биомассасының шығуын жоғарлатады.

АННОТАЦИЯ

Задачи дипломной работы: выделение композиции нефтеокисляющих штаммов бактерий рода *Mycobacterium* и *Rhodococcus* из загрязненных почв углеводородами.

Изучение антагонистических качеств композиции углеводородоокисляющих бактерий *Mycobacterium* и *Rhodococcus*

Оптимизация благоприятной питательной среды для сохранения композиции углеводородоокисляющих бактерий *Mycobacterium* и *Rhodococcus*

Оптимальная условия хранения композиции углеводородоокисляющих бактерий *Mycobacterium* и *Rhodococcus*

Объектом исследования: являются композиция углеводородоокисляющие бактерий выделенные из слоев загрязненных почв

Полученные результаты: Показано, что признак биodeградации углеводородов у штаммов (*Mycobacterium sp. 229C3*, *Rhodococcus sp. 1C3*, *Pseudomonas sp. 102 AC* и *Bacillus sp. 19KC*, *Candida sp. 42 PP* и *Trichosporon sp. 7PB*), взятых из коллекции лаборатории характеризуются стабильностью в неселективных условиях. Подобрана питательная минеральная среда 8Е, содержащая 30 мл/л дизельного топлива, обеспечивающая высокий выход биомассы трех композиции, состоящих из углеводородоокисляющих микроорганизмов: *Mycobacterium thermoresistibile* 119-3ГМ, *Rhodococcus equi* 51КC, *Mycobacterium sp. 229C3*, *Rhodococcus sp. 1C3*, *Mycobacterium sp. 222AT*, *Mycobacterium sp. 229C3*, *Rhodococcus ruber* 114 КC, *Bacillus subtilis* 26AT, *Pseudomonas cepacia* 122AC, *Pseudomonas sp. 102 AC*, *Candida chilensis* B2 и *Trichosporon cutaneum* P20CO2. Выявлено, что при содержании в среде 8Е фосфорнокислого аммония $(\text{NH}_4)_2\text{HPO}_4$ и двухзамещенного фосфорнокислого калия K_2HPO_4 в количестве 1 г/л повышает выход клеточной биомассы композиций.

ANNOTATION

The purpose of the thesis: Determination of growth conditions and regimes for the preparation of active compositions of hydrocarbon oxidizing bacteria of *Mycobacterium* and *Rhodococcus* species.

The tasks of the thesis: isolation of the composition of oil oxidizing bacteria from contaminated soils with hydrocarbons *Mycobacterium* and *Rhodococcus*.

- study of antagonistic qualities of the composition of hydrocarbon oxidizing bacteria *Mycobacterium* and *Rhodococcus*.

- optimization of a favorable nutrient medium for the preservation of the composition of hydrocarbon oxidizing bacteria *Mycobacterium* and *Rhodococcus*.

- optimization storage conditions for the composition of hydrocarbon oxidizing bacteria *Mycobacterium* and *Rhodococcus*.

The object of the study is a composition of hydrocarbon-oxidizing bacteria isolated from layers of contaminated soils in Atyrau region, Kulsary oil field.

A nutrient mineral medium 8E containing 30 ml / l of diesel fuel was obtained, which ensures a high biomass yield of three compositions consisting of hydrocarbon oxidizing microorganisms: *Mycobacterium thermoresistibile* 119-3GM, *Rhodococcus equi* 51KS, *Mycobacterium* sp. 229C3, *Rhodococcus* sp. 1C3, *Mycobacterium* sp. 222AT, *Mycobacterium* sp. 229C3, *Rhodococcus ruber* 114 KC, *Bacillus subtilis* 26AT, *Pseudomonas cepacia* 122AC, *Pseudomonas* sp. 102 AS, *Candida chilensis* B2 and *Trichosporon cutaneum* P20CO2. It was found that with the content of ammonium phosphate $(\text{NH}_4)_2\text{HPO}_4$ and dibasic potassium phosphate K_2HPO_4 in the amount of 1 g / l in the medium 8E, the yield of the cellular biomass of the compositions increases.

МАЗМҰНЫ

	Кіріспе	9
1	Әдебиеттерге шолу	10
1.1	Мұнай өнімдерінен топырақты тазарту	10
1.2	Мұнаймен ластанған топырақтың биоремедиациясы	13
2	Зерттеу материалдары мен әдістері	15
2.1	Зерттеу объектілері	15
2.2	Қоректік орталар және микроорганизмдерді культиверлеу жағдайлары	15
2.2.1	Жалпы микроб санын анықтау	15
2.2.2	Микроорганизмдердің таза культурасын алу.	15
2.2.3	Микроорганизмдердің физиолого-биохимиялық және морфологиялық ерекшеліктерін зерттеу.	16
2.3	Мұнай деструкциясының деңгейін анықтау	16
2.4	Сақтаудан соң КС қатынасында клеткалардың белсенділігі және өміршендігін анықтау	17
3	Зерттеу нәтижелері және оларды талдау	18
3.1	Мұнаймен ластанған топырақтан изоляттарды бөліп алу	18
3.2	Мұнай тотықтырушы микроорганизмдердің жаңа композициясын алу үшін негізгі параметрлерді жетілдіру	22
3.2.1	Мұнай тотықтырғыш микроорганизмдердің негізгі параметрлерін жетілдіру	22
	Қорытынды	36
	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	37

КІРІСПЕ

Бүгінгі таңда қоршаған ортаны түрлі ластаушылардан, соның ішінде мұнай және мұнай өнімдерінен тазарту мәселесі ерекше деңгейде орын алып отыр. Бұл мұнай және оның өнімдерінің күрделі компонентті құрамына, токсикалық әсеріне, жоғары миграциялы қабілеттілігіне және таралу аумағына байланысты. Жалпы дүниежүзілік деңгейде қарастыратын болсақ, мұнайды алу, өңдеу, пайдалану кезіндегі бұл шикізаттың қоршаған ортаға төгілуі жылына 45 млн. тоннадан асады, яғни бұл жылдық алынымның 2% жуығын құрап отыр. Оның ішінде 22 млн. тоннасы жер бетіне, 7 млн. тоннасы теңізге, 16 млн. тоннасы әр типті двигательдер жұмысында мұнай өнімдерінің толық жанбауынан атмосферада болады.

Сонымен қатар, мұнай және мұнай өнімдерімен қоршаған ортаны ластау көптеген кері, зиянды өзгерістердің туындауына әкеліп соқтырады. Топырақтың мұнай көмірсутегісімен ластануы, оның су мен ауа режимінің бұзылуына әкеледі және оның физика-химиялық құрамы өзгереді. Топырақ деградацияға ұшырап, өсімдік қабаты мүлдем жойылады. Көптеген ғалымдардың пайымдауынша, мұнай және мұнай өнімдерімен ластанған табиғи орталардың қайта қалпына келуі үшін 10-25 жылдан астам уақыт керек екен[1].

Мұнай табиғаты жағынан көмірсутектердің, оттекті, күкіртті және азотты қосындылардан тұратын күрделі қоспа. Оның құрамында 1000 нан аса жеке органикалық заттар кездеседі. Жеңіл фракциялар тірі организмдерге өте токсинді болып келеді, алайда оның әсері тез ыдырап, биодеградацияға ұшырайтындықтан, ұзаққа созылмайды. Ауыр фракциялар алдыңғыға қарағанда токсинділігі аз болғанымен, топырақтың қасиетін төмендетіп, ауа мен су алмасуын тежейді. Ол компоненттер тұрақты және жерде ұзақ уақыт бойы сақталуы мүмкін. Мұнай құрамына көптеген химиялық қосылыстар кіретіндіктен, бір штамм барлық ферменттік спектрге ие бола алмайды, яғни бір штамм осы компоненттерді толығымен ыдырата алмайды. Ластанған субстратқа пайдаланатын заттардың спектріне түрлі штаммдарды енгізу мұнайдан тиімді тазалауға алып келеді.

Жұмыстың басты мақсаты: Мұнай ыдыратушы *Mycobacterium* және *Rhodococcus* туысының эффективті бактерияларының өсіру жағдайлары мен режимдерді анықтау

Жұмыстың міндеттері:

- Мұнай ыдыратушы *Mycobacterium* және *Rhodococcus* туысының эффективті бактерияларын бөліп алу
- Мұнай ыдыратушы *Mycobacterium* және *Rhodococcus* туысының эффективті бактерияларының морфологиялық және физиолого-биохимиялық қасиеттерін зерттеу
- Мұнай ыдыратушы *Mycobacterium* және *Rhodococcus* туысының эффективті бактерияларына қолайлы қоректік орталарды таңдау
- Мұнай ыдыратушы *Mycobacterium* және *Rhodococcus* туысының эффективті бактерияларының сақтау жағдайларын таңдау

1. Әдебиетке шолу

1.1 Мұнай өнімдерінен топырақты тазарту

Мұнай өнімдерін активті ыдырататын микобактериялар мен оларға туыс формалар климат жағдайлары әр түрлі топырақтарда табылған. Осылайша, активті көмірсутегін тотықтыратын микрофлора мамандандырылған болып табылмайды. Бактериялар мен нокардиялар арасында атмосфера азотын өзіне көміртектік қоректің жалғыз көзі ретінде көмірсутегілерді пайдаланып сіңіре алатын қабілеті бар түрлер табылған. Барлық көмірсутегілер қолайлы жағдай кезінде микробты әсер етуге бейім келетіні дәлелденді. Бөлек түрлердің түрлі көмірсутегілерге ара қатынасы арнайы болады: бөлек жеке көмірсутегілерге бейімделген микроорганизмдер кейде басқаларын да тотықтыра алады. Микроорганизмдердің мұнайды тотықтыратын топтары жұмысын ластанудан соң бірден бастайды, олар топырақтағы мұнайдың жоғары концентрациясына қарамайды. Мұнайды тотықтыратын микроорганизмдердің микробиологиялық іс-әрекеті мұнай затының бөлшектік минерализациясына әкеп соқтырады да, сонымен қатар органикалық ерітінділерде ерімейтін мұнай метаболизм өнімдерінің пайда болуын болдырады [2].

Көмірсутегі молекулаларының биодеградация процесі олардың гидроксилденуінен басталады деп тұжырымдайды. Сосын окситуындылар органикалық қышқылдарға айналады, алкандар монотерминальды тотығады, ал аренаалар - аромат сақинасының ыдырауымен жүреді. Ең соңында молекуланың көмірсутектік қаңқасы клетканың жалпы метаболизміне енеді [3].

Топырақтардағы мұнайдың өзгеру жылдамдығы біркелкі болмайды. Мұнайдың негізгі массасы топыраққа түскен соң бастапқы кезеңде жоғалады. Одан кейін осы өзгеріс өте баяу жүреді, әдетте ол мұнайдың топырақтағы концентрациясы 1,0-1,5% жеткен кезде іске асады [4].

Мұнайдың концентрациясының өзгерісімен қатар олардың құрамы да өзгереді. Ең жылдам болып метан-нафтен фракциясы бұзылысқа ұшырайды. Физико-химиялық және микробиологиялық әсер ету процестердің нәтижесінде 1-1,5 жыл ішінде 70% астам мұнайдың жеңіл көмірсутегілері жоғалады, негізінен н-алкандар. Қарапайым полициклды аромат көмірсутегілердің бөлшектік дергадациясы жүреді.

Мұнайдың биодеградациясынан кейін көміртегін тотықтыратын бактериялар саны одан сайын артады, ол біріншідегі санынан әлдеқайда артық болады. Осы кезде қарапайым полициклды аромат көмірсулардың деструкциясы жалғаса береді, осының нәтижесінде н-алкандардың саны қайтадан артады. Тотықтыратын жағдайлар пайда болады, ол ауыр полициклды аромат көмірсутегілердің деструкциясы үшін қолайлы жағдайларды қалыптастырады [5].

Бактериялар ең жақсы н-парафиндерді өзіне сіңіретіндігі дәлелденді. Микроорганизмдердің көбісі тетрадекан, гексадекан, додекан және

парафин майын өзіне сіңіреді. Керісінше олар циклды және аромат көмірсутектерді нашар сіңіреді. Көміртегінің тізбегі қысқарған сайын микроорганизмдердің көмірсутегілерді өзіне сіңіру қабілеті азаяды. Нонан, октан, гексан және декан микроорганизмдердің тек аз санымен ғана өзіне сіңіріледі. Қазіргі кезде көмірсутегілер тек клетка ішінде ғана тотығатындығы дәлелденді. Сондықтан осы қосылыстардың тотығуы біріншіден клетка ішіне кіру сипатына тікелей байланысты. Көміртегі тізбегінің C-10- атомдарын өзіне сіңіру үшін негізінен микроорганизмдермен тікелей қатынас керек. Осындай қатынас бактериялардың, ашытқылардың және саңырауқұлақтардың өсуі тек көмірсутегісі бар орталарда ғана жүзеге асады.

Гидрофобты субстратты сіңіру үшін клеткалардың липофильді клеткалық қабықша қасиеті болу керек. Микобактериялардың басқа бактериялардан айырмашылығы оларда клеткалық қабықшада липидтердің саны артады, ол көмірсутегілер бар орталарда жақсы өседі. Микол қышқылдардың алифат тізбектері гидрофобты бөліктерге ие. Ол барлық штаммдардың құрам бөлігі болып табылады.

Осылайша, көмірсутегілер бар микроорганизмдер клеткаларында олардың клетка қабыршағы үлкен маңызға ие болады, ол көмірсутегілермен тікелей қатынас орнатады [6].

Мұнайдың табиғи жағдайларда деструкцияға ұшырауының зерттеулері осы процестің басқа микроорганизмдермен ассоциациясын болдырады. Олардың компоненттері күрделі қарым қатынастарға түседі.

Олардың ең белсенділері күрделі көмірсутегілерді ыдыратады да, басқа микроорганизмдердің мұнайды деструкциялау процесін жеңілдетеді. Биологиялық активті заттарды синтездеуге қабілеті бар жоғары түрлер ортаны байытады да, оларда басқа микроорганизмдердің пайда болуына жағдай жасайды. Микроорганизмдер ассоциациясы қоршаған ортаның жағдайларына байланысты болады [7].

Барлық топырақтарда көп мөлшерде сұйық парафиндерді тотықтыра алатын микроорганизмдер кездеседі, ал ұшқыш көмірсутегілерді тотықтыра алатын микроорганизмдер өте сирек кездеседі. Құрамында мұнай бар топырақтарда н-алкандарды және аромат көмірсутегілерді ассимиляциялайтын микроорганизмдер саны, осы қосылыстар жоқ топырақтарға қарағанда артық болады. Топырақ микрофлорасына селекциялық әсер ететін, бөлек жеке көмірсутегі қажет ететін, мұнайдың әрекеті біркелкі емес [8].

Мұнаймен ластанған топырақтың, көміртегі атомдарының аз саны (ұшқыштардан басқа) бар парафиндерді тотықтыратын микроорганизмдерді таңдау коэффициенті парафиндердің ұзын тізбектері бар микроорганизмдерімен салыстырғанда әлдеқайда жоғары.

Мұнай өнімдері бар топырақтардағы микроорганизмдер формаларының бар болуына: газтәрізді көмірсутегілерді тотықтыра алатын, қатты парафиндерді қорыта алатын, аромат көмірсутегілерді пайдаланатын бактериялар тән.

Мұнаймен ластанған топырақтардан көмірсутегілерді сіңіре алатын термофильді спора түзетін аэробты бактериялардың өсуінің оптимальды температурасы 45-65. Олар *Baccilus subtilis*, *Bac.coagulans*-қа жатады. Штаммдардың үлкен тобы *Bac.circulans ssp.thermopilus nov.ssp* жаңа түрлері ретінде сипатталған.

Жеңіл парафиндерді (C_6-C_{10}) *Pseudomonas*, *Rhodococcus* туыстарына жататын бактериялар мен кейбір ашытқылармен сіңіре алады [9].

Алифат көмірсутегілер мен мұнай өнімдерін тотықтыру қабілетіне негізінен *Mycobacterium* және *Arthrobacter* туысының түрлері ие [10].

Барлық микробактериялар үшін гидрофобты клеткалық қабыршақ тән, оның құрамында жоғары молекулалы микол қышқылдары бар, осы қышқылдар ортадан н-алкандарды пассивті диффузия жолымен жұту мүмкіндігі арқылы клеткаларға беріледі [11].

Микробактериялар мен псевдомонадалар табиғатта және мұнаймен ластанған аймақтарда кең таралған, осы аймақтарда олар көмірсутегілердің активті ыдыратушылары болып табылады [12].

Mycobacterium mucosum және *Pseudomonas aeruginosa* микроорганизмдері үшін ең қолайлы болып тізбегінің ұзындығы 14-18 көміртегі атомдарынан тұратын н-алкандар жатады. Осы бактериялардың саны таза дақылда 1,5 есе артық болады. Н-алкандардың *P.aeruginosa* клеткаларымен тотықтырған кезде хемотаксис үлкен маңызға ие болады, яғни көмірсутегінің молекулаларына бағытталған қозғалысы, ол микобактериялардың клеткалық қабырғасындағы мамандандырылған липидтердің ассоциациясымен байланысты.

P. aeruginosa микобактериялардың аралас дақылында жақсы өседі. Ол микобактериялар беті липофильді болғандықтан, дамыған кезде ортада көмірсутегілердің эмульгациясы жүретінін көрсетеді. Ал липолфильді қабырғасы жоқ псевдомонадалар үшін бұл жағдай өте маңызды себебі, ол гидрофильді субстратпен әрекеттесу бетін жеңілдетеді [13].

Мұнай өнімдерін активті ыдырататын микобактериялар мен оларға туыс формалар климат жағдайлары әр түрлі топырақтарда табылған. Осылайша, активті көмірсутегін тотықтыратын микрофлора мамандандырылған болып табылмайды. Бактериялар мен нокардиялар арасында атмосфера азотын өзіне көміртектік қоректің жалғыз көзі ретінде көмірсутегілерді пайдаланып сіңіре алатын қабілеті бар түрлер табылған. Барлық көмірсутегілер қолайлы жағдай кезінде микробты әсер етуге бейім келетіні дәлелденді. Бөлек түрлердің түрлі көмірсутегілерге ара қатынасы арнайы болады: бөлек жеке көмірсутегілерге бейімделген микроорганизмдер кейде басқаларын да тотықтыра алады. Микроорганизмдердің мұнайды тотықтыратын топтары жұмысын ластанудан соң бірден бастайды, олар топырақтағы мұнайдың жоғары концентрациясына қарамайды. Мұнайды тотықтыратын микроорганизмдердің микробиологиялық іс-әрекеті мұнай затының бөлшектік минерализациясына әкеп соқтырады да, сонымен қатар органикалық ерітінділерде ерімейтін мұнай метаболизм өнімдерінің пайда болуын болдырады [14].

Көмірсутегі молекулаларының биодеградация процесі олардың гидроксилденуінен басталады деп тұжырымдайды. Сосын окситуындылар органикалық қышқылдарға айналады, алкандар монотерминальды тотығады, ал аренадар - аромат сақинасының ыдырауымен жүреді. Ең соңында молекуланың көмірсутектік қаңқасы клетканың жалпы метаболизміне енеді [8].

1.2 Мұнаймен ластанған топырақтың биоремедиациясы

Ал екінші кезеңде – микробиологиялық, яғни топырақта қалып қойған мұнай өнімдерінің микробиологиялық деградациясын тездету болып табылады. Ол үшін топырақтың қышқылдық және оптималды су-ауалық мінездемесін өндіріп, қажетті минералды қорек пен микроэлементтерді енгізеді. Кезеңнің аяқталғанын топырақ микробиотасының орташа қалпына келуінен және өсімдіктердің өсуі мен дамуынан білуге болады. Бірақ та, топырақ құрамында мұнай деструктор бактериялары бар биопрепараттарды ендіру арқылы барлық кезеңнің мерзімдерін қысқартуға болады [15].

Ең соңғы кезеңі – фиторемедиация деп аталады, яғни мұнайға толерантты өсімдіктерді отырғызу. Тазаланып жатқан қалдықтарға арнайы топырақтан бөлініп алып, селекциялап қолдануға дайын препарат формасында көбейтілген таңдамалы микроорганизмдер енгізіледі. Нәтижесінде қажетті жерде және уақытта жасанды түрде микроптық қауымдастық клеткаларының жоғары концентрациясы құрылады, олар негізгі энергия көзі ретінде органикалық ластаушы заттарды қолданып, метоболизм өніміне айналдырады: CO_2 , H_2O . Осының нәтижесінде топырақтың биохимиялық өздігінен тазалануының табиғи процессіне ластаушының басым әсері төмендеп, метаболизм қалпына келіп топырақ түзілу процестері де қалпына келеді [16].

Мұнай мен мұнай өнімдерімен ластанған топырақты қалпына келтіру үшін биотехнологиялық әдістер қолданылады. Осы техникалық әдістерді бірнеше топтарға бөледі. Олар : агротехникалық, фитологиялық және биологиялық әдістер. Олардың міндеттері:

- топырақ микрофлорасын активтендіру;
- минералды және органикалық тыңайтқыш ретінде биогенді элементтерді енгізу;
- әртүрлі жасыл өсімдіктердің санын көбейтіп енгізу әсері;

Әдістерінің ішіндегі ең қолайлысы – агротехникалық әдіс болып есептеледі. Ол топырақтағы мұнай биодеградация процессін қарқындатады. Агротехникалық әдіс көмегімен, көмірсутек тотықтырушы микроорганизмдер қарқынды тіршілік етеді, топырақ бөліктерінің бұзылуы азаяды және су-ауа режимі жақсарып, оның биохимиялық активтілігі жоғарлайды [17].

Фитологиялық әдісті қолданғанда, мұнаймен ластанған топырақтың биологиялық және сулы-физикалық құрамы жақсарады, азоттық қорек қалпына келеді. Ластанған экожүйелердегі мұнай өнімдері деградациялау әдістерінің ең

тиімді және пайдалы әдісі – биологиялық немесе микробиологиялық әдіс болып есептеледі. Ол жоғарыда айтылған әдістерге қосымша болып табылады. Соңғы жылдары агротехникалық және фитологиялық әдістерді қолданып топыраққа белсенді заттарды, адсорбенттерді, тыңайтқыштарды енгізеді. Осы заттарды енгізгенде топырақтың микробиологиялық белсенділігі қарқынды жүреді. Топырақтың мұнаймен ластануы диспертті мұнаймен тікелей байланысты. Негізінде осы заттар топырақ микрофлорасына әсер етеді. Сонымен қатар олар белсенді деструкторларды тауып, микроорганизмдердің белсенділігін көтеріп мұнай және мұнай қалдықтарын ластанған топырақты қарқынды түрде тазалауға көмектеседі [17].

Биодеградация биоценоздарды регенерацияға әкеледі. Бұл микроорганизмдердің азаюына алып келеді. Мұнаймен ластану кезінде экологиялық үш факторларға әсер етеді.

А. Мұнайдың күрделілігі, ерекше құрамы, әрқашанда өзгеру жағдайында;

Б. Экожүйенің күрделілігі, гетерогенді құрамы, құрлысы;

В. Сыртқы факторлардың көптүрлілігі және өзгергіштігі;

Осыдан қарап, топырақтың мұнаймен ластануын осы үш факторлармен байланыстырып бақылау керек. Рекультивациялау - бұл өзін-өзі тазарту процессі. Мұнда экожүйенің мынадай резервтері қолданылады:

- климаттық;
- микробиологиялық;
- биохимиялық;

Ал экожүйенің өзін өзі тазарту және оның қалпына келуі бұл кезеңделген биохимиялық трансформациялық процесс [18].

Рекультивация механикалық және химиялық әдістері топырақтағы мұнайды толығымен жоймайды. Мұнайдың топыраққа табиғи сіңуі – биохимиялық процесс. Мұнда ең бастысы топырақ микроорганизмдермен функционалдыбелсенділігі. Себебі бұл жағдайда түгелдей мұнайды көмірқышқыл газына, суға дейін минерализациялайды. Рекультивациялау процессінің мерзімі топырақтың климаттық жағдайына оның ластану деңгейіне байланысты [19].

2 Зерттеу материалдары мен әдістері

2.1 Зерттеу объектілері

Атырау облысы Құлсары кен орынан алынған мұнаймен ластанған топырақ үлгілерінен 250 изолят бөлініп алынды.

2.2 Қоректік орталар және микроорганизмдерді культиверлеу жағдайлары

Гравметикалық анализ үшін жинақталған культураларды алу үшін модифицерленген орта 8Е г/л қолданды;

Ортаны дистелденген суда дайындадық және 30 минут ішінде 0,5 атм-да автоклавта залаласыздандырдық.

Модельді көмірсутек субстраты ретінде Теңіз кен орнынан алынған шикі мұнай және дизельді жанармайды қолдандық, яғни оларды герметикалық стақандарда 30 минут ішінде 1 атм-да автоклавтап залаласыздандырды және залалсыздандырудан кейін бөлек ортаға 1% мөлшерде салдық. Микроорганизмдерді культиверлеуді 250 мл Эрленмейер колбасында 7-10 тәулікте 22-28° С-де 220-240 мин/айн тербелмеде жүргіздік.

Жалпы микроб санын есептеу үшін және таза культураларды алу үшін келесі қоректік орталарды қолдандық:

- 1 Модифицерленген орта ЕПА;
- 2 Модифицерленген орта 8Е. Тығыз орталарды алу үшін 20 г/л ұнтақталған агар («ФГУП ГНЦ ПМИБ», Оболенск) қолдандық.

2.2.1 Жалпы микроб санын анықтау

Жалпы микробтардың санын (Нетрусов және т.б 2005) Кох әдісімен анықтадық. Егілген микроорганизмдерді 4-7 тәулікте 4 °С де инкубацияладық.

Микроорганизмдердің өсуінің температурасын зерттеу.Микробтық жиынтықтардың өсуінің температурасының диапазонын 1 г/л глюкозамен байытылған 8Е минеральді ортада жүргізді.

Микроорганизмдердің биомассасының өсуі спектрофотометрдің (LKB Biochorm 4050) оптикалық тығыздықтың ұзындығы $\lambda=540$ нм және $l=10$ оптикалық қалыңдықта бағаладық.

2.2.2 Микроорганизмдердің таза культурасын алу

Мұнай деструкциясына мүмкіншілігі бар микроорганизмдердің таза культурасын бөліп алу 4°С температурада целлюлозды фильтрді салу әдісімен

жүргіздік. Қолданған әдістердің кейбір бөлшектері жұмыстың сәйкес бөліміне байланысты жүргізілді.

2.2.3 Микроорганизмдердің физиолого-биохимиялық және морфологиялық ерекшеліктерін зерттеу

Таза культуралардың боялған фиксацияланған клеткалары және микробтық жиынтықтың препараттардың морфологиялық ерекшеліктерін зерттеуді фазалық контрасттық құрылығысы бар $\times 1000$ ұлғайтатын жарық микроскопымен (Carl Zeiss Jena planchomat 40/0,65 объективімен) зерттедік. Препараттардың фотоға түсіруді Nikon D7000 PA-7Y 4.2 ЛОМО линза жүйесі бар фотоаппаратпен жүргізілді.

Таза культуралардың физиолого-биохимиялық қасиеттерін белгілі әдіспен (Нетрусов және т.б 2005) жүргізді.

Штаммдардың субстартты спектрін зерттеу Таусонның тығыз ортасында (Егоров 1976) қуыс әдісінің көмегімен жүргіздік. Микроорганизмдердің энергиясы үшін және көмірсутегінің жалғыз көзі ретінде минеральді ортаға келесі КС: *n*-алкан (актан, изооктан, ундекан, додекан, тетрадексан, гексадексан) нафтенді (цеклогексан), ароматтық (бензол, толуол, ксилол, бифенил), полиароматтық (нафталин, фенантрен, антрацен, тетралин, декалин, 1-метилнафталин), КС қоспалары (А-95 маркалы бензин, дизельді жанармай, керосин, маторлық май, смола) қостық. КС-ті Петри табақшасында агарлы минералдық ортасына 8мм қуыстарға залалсыздандырылған таяқшамен егіздік. Қуыстардың айналасын штрихмен субстратпен қуыстан Петри табақшасының шеткі бөлігіне дейін жүргізіп шықтық КС ассимиляция мүмкіншілігін 4°C инкубациясында 7-14 тәулікте культураның өсу интенсивтілігімен анықтадық.

2.3 Мұнай деструкциясының деңгейін анықтау

Мұнайдың деструкциясының деңгейі таразы (гравметикалық) әдіспен сұйық ортада (Леоненко және т.б 2010) мұнайдық суммарлы көрсеткіші бойынша анықтадық. Мұнайдық КС гексанмен экстракциясының гравметикалық анализін МЕСТ Р 52406-2005, ISO 9377-2:2000 бойынша жүргіздік. КС экстракциясын культиверлеудің 10-20 тәулік өткенсоң 4°C де жүргіздік. Экстракциялау үшін сынамаларға 20 мл эталонды *n*-гександы 20 мл құйдық, содан соң оларды 25 ° С 30 минутқа сулы және көмірсутегті фазаның және мұнай компоненттерінің толықтай экстракциясы үшін орбитальді шейкер (220 мин/айн) қойдық.

Араласу тоқтағансоң колбаларды дистелденген сумен КС полярлы емес фазасына дейін толықтырылды, содан соң әйнекті пипеткамен 1 мл экстракт алынды. Элюаттар фильтрмен бірге әйнекті воронкаға көшірілді. КС экстрактін 10 мл жылы (40°C) *n*-гексан бар әйнекті шприцпен араластрдық. Фильтрларды

шамалап өлшенген әйнекті колбаға жинадық, содан соң бөлме температурасында кептірдік. Толықтай буланудан соң тағы бір рет жиналған КС мөлшерін анықтау үшін өлшедік. КС деструкциясының деңгейін бақылаудан пайызбен көрсетті. Жеңіл көмірсутегі фракциясының булану деңгейін анықтау үшін бақылау тәжірибие үлгілері бар шейкерде тұрған бөлек колбадағы «мл НД (1:1) қосылған қоректік орта болып саналады.

2.4. Сақтаудан соң КС қатынасында клеткалардың белсенділігі және өміршендігін анықтау

Микроорганизмдердің клеткаларының өміршендігінің есебін анықтау үшін РСА модификацияланған тығыз ортаға стандартты сериялық егу әдісімен (Нетрусов және т.б 2005) жүргізілді. Өміршендікті бақылаудағы клеткалардың сақталған есебі шығушы клеткалардың өміршендігінің қатынасы бойынша анықталды (басынан аяғына дейін). Сақтаудың тиімділігін бағалау үшін колония түзуші бірлігіне (КТБ) есеп жүргіздік.

Криопробирка ішіндегіні ерітуді 32-35°C температурада жүргіздік. Криосақталған үлгілердің посеvін 40 мин соң ерітуден және модификацияланған орта Таусон НД қоспасымен бірге жақсылап араластырғаннан соң жүргіздік. Үлгілердің культиверленуі 7-10 тәулікте 4° С де ортамен араластыра отырып жүргіздік.

Лиофизацияланған культураларды ампулаға 0,5 мл Таусон ортасын құйдық, содан соң 15 мин ішінде клеткалардың регидратациясын жүргіздік, супензияларды араластыру вортексте жүзеге асты.

Жеделдетілген сақтауға тест (термотұрақтылыққа тест). Лиофилизделінген культурасы бар ампулалар 35-50 °С температурада сақтауға орналастырдық. Белгілі бір уақыт яғни 10-17 тәуліктен соң клеткалардың өміршендігін анықтау үшін ампулаларды аштық, РСА модификацияланған қоректік ортасында клеткалардың регидратациясын жүргіздік. Сақтаудың белгілі бір уақытын анықтау үшін 4° С температурада Аррениус теңестірілуін қолдандық. $K=K_0 e^{-E/RT}$, бұл жерде K_0 экспоненциальді көбейткіш, E - активация энергиясы, R -тұрақты газ, T -абсолютті температура ($273^{\circ}+t^{\circ}$) [Кузнецов және т.б 1977]. Экспериментальді мәліметтердің анализі үшін аз квадраттардың әдісін қолдандық (Gill, 1981)

Алынған нәтежиелердің статистикалық өңделуі. Алынған нәтежиелерді статистикалық өңдеуді Microsoft Excel 2010 бағдарламасы бойынша жасадық. Алынған нәтежиелер орташа арифметикалық және оның стандартты қатесімен көрсетілді ($M \pm m$). Алынған нәтежиелердің нақты айырмашылығын Стьюдент коэффициентін ($P > 0,95$) қолдануымен бағаладық.

3 Зерттеу нәтижелері және оларды талқылау

3.1 Мұнаймен ластанған топырақтан изоляттарды бөліп алу

Атырау облысы Құлсары кен орынан алынған мұнаймен ластанған топырақ үлгілерінен 250 изолят бөлініп алынды, оның ішінде 100 изолят құрамында мұнай концентрация 1%-ге тең минералды ортада өсе алатын мүмкіншілігіне ие болды.

Орта құрамында мұнайдың әр түрлі көрсеткіштерінде (2%, 3%, 5% және 7%) өсуді бағалау кезінде, көбінесе (98) изолят құрамында мұнай концентрациясы 2%-ке тең ортада жақсы өскендігін көрсетті. Мұнайдың құрамын ортада жоғарлатудың нәтежиесінде дақылдар нашар өсті. Осылайша 15 изолят құрамында мұнай концентрациясы 3%-ке тең ортада жақсы өсті. Мұнай концентрациясы 5%-ке тең минералды ортада тек қана 5 изоляттың өсуін жақсы деп белгіледік. Басқа дақылдарда өсу байқалмады. Осылайша мұнай концентрациясы 5%-ке тең ортада жақсы өсетін 5 дақылды сұрыптап алдық.

Изоляттардың жаңа түрлерінің мұнай жинақтаушы және мұнай ыдыратушы қасиеттерін сулы ортаның беткі бөліктеріне мұнайды құю модельді тәжірибие бойынша зерттедік. Мұнайды ыдырату белсенділігіне 35 изолят ие болды, яғни мұнай дағының ыдырауы жүрді. Көптеген изоляттарда дақтың қалыңдығының кішірейгендігі бақыланды және ақырын оның жоғалуы байқалды. Айрықша белсенді изоляттарда дақтың қалыңдығының өзгеруі 3 тәулікте белгіленді. Мұнай жинақтаушы мүмкіншілік 19 изолятта байқалды. Мұнайды жинақтаудың еселігі 5-ші тәулікте 4,09-4,12 және 10-шы тәулікте 6,11-6,45 құрады. Мұнаймен ластанған топырақтарды тазалауда көмірсутектотықтырушы микроорганизмдерді практикада қолдану үшін мұнай және мұнай өнімдерінің жоғары концентрацияларын деградациялай алатын дақылдар тиімді болып табылады. Мазут қиын деградацияланатын мұнай өнімдеріне жатады, сондықтан 19 изолятты құрамында 10 нан 30 мл/л мазут бар ортада өсу мүмкіншілігін бақылады. Осылайша, 10-20 мл/л концентрациялы мазуты бар ортада 3 изолят жақсы өсті.

Барлық зерттелген көмірсутектотықтырушы изоляттар құрамында мұнайдың жоғары концентрациясы бар ортада өсуге мүмкіншілігі бар екендігі анықталды. Тексеріліген 19 изоляттың ішінде тек 5 —уі 30-50 мл/л мазуты бар ортада өскенін байқадық (кесте 1).

1 Кесте - Мұнай және мазуттың әр түрлі концентрациялы сұйық ортада өсу мүмкіншілігі бойынша дақылдарды сұрыптау


Изоляттар	мазут			мұнай	
	Көмірсутек құрамы, мл/л				
	10 мл/л	20 мл/л	30 мл/л	30 мл/л	50 мл/л
14 АТ	+++	++	+	+++	+++

Изоляттар	мазут			мұнай	
	Көмірсутек құрамы, мл/л				
	10 мл/л	20 мл/л	30 мл/л	30 мл/л	50 мл/л
15АТ	+++	++	+	+++	+++
9АТ	++	++	+	++	+
6АТ	++	+	+	++	+
3АТ	++	++	+	++	+
18АТ	++	+	+	++	+
13АТ	+++	++	+	++	+
15АТ	++	++	+	++	+
33АТ	++	+	+	++	+
26АТ	+++	+++	+	+++	+++
35АТ	+++	+++	+	+++	+++
25АТ	+++	+++	+	+++	+++
11АТ	++	+	-	++	+
22АТ	++	+	-	++	-
77АТ	++	+	-	++	+
43АТ	++	+	-	++	-
112АТ	++	+	-	++	+
10АТ	++	+	+	++	+
38АТ	+++	++	+	++	+
Ескерту: «+++» - жақсы өсу, «+» - нашар өсу; «-» - өсу жоқ;					

Мұнай тотықтырушы микроорганизмдер дақылдау ортасында көмірсутектің болуына жауап ретінде беткейлі белсенді заттарды синтездей алады. Сондықтан зерттелетін штаммдардың беткейлі белсенді заттарының синтезделу мүмкіншілігін эмульгациялау индексі (E_{24}) бойынша бағаладық.

Эмульгациялау индексін бағалау кезінде көмірсутек субстраты ретінде мұнай, дизельді жанармай және вазелин майын пайдаландық. Көмірсутектотықтырушы штаммдардың культуральді сұйықтығының эмульгациялау индексі 50 % құрайтындығы анықталды.

Дақылды сұйықтықтың жоғары эмульгациялау индексі дизельді жанармай қолданғанда байқалды. Дизельді жанармай және мұнайда 3 изоляттың эмульгациялау индексі $51,2 \pm 0,48$ % тен $66,1 \pm 1,02$ дейін құрады. Қалған көмірсутектотықтырушы бактериялардың эмульгациялау индексі барлық көмірсутек субстраттарында 50 % төмен болды (сурет 1). Бәрімізге белгілі егер дақылдың эмульгациялау индексі 50% жоғары болса, онда беткейлі белсенді заттардың тиімді продуценттері болып саналады. Осылайша көмірсутектотықтырушы бактериялардың 3 изоляты беткейлі белсенді заттарды белсенді продуцирлей алады.



1 Сурет – микроорганизмдердің жаңа штаммдарының дизельді жанармай және мұнайды эмульгациялау индексі

Зерттеу жұмысының келесі бөлімінде топырақта мұнайдың жоғары концентрацияларын жоя алатын белсенді штаммдардың мүмкіншілігі тексерілді. Бұл үшін Атырау облысының Құлсары кен орнының мұнаймен ластанған топырақтарына қосымша 95000 мг/кг дейін топыраққа мұнай енгізді.

